

КОМПАНИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТИІМДІЛІГІ

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ қызметінің экономикалық құрамдас бөлігі Компанияның өзі үшін де, мемлекет экономикасы үшін де стратегиялық жоспарлауда маңызды рөл атқарады. Ол компанияның стратегиялық басымдықтарының бірі болып табылатын акционерлер мен инвесторлар үшін Компанияның ұзақ мерзімді құнын арттыруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының ірі телекоммуникациялық операторы бола отырып, Компания ел экономикасын жаңғыртуға және әртараптандыруға елеулі үлес қосуға ұмтылады және жергілікті қауымдастықтардың тұрақты дамуына жәрдемдеседі.

GRI 2-6, 201-1

ҚҰРЫЛҒАН ЖӘНЕ БӨЛІНГЕН ТІКЕЛЕЙ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚҰН, 2024 ЖЫЛ, МЛН ТЕҢГЕ

Көрсеткіш	2024
1. Құрылған тікелей экономикалық құн	314 018
Кіріс (түсім)	307 881
Қаржылық инвестициялардан түскен кіріс	4 534
Тағы басқа кірістер	1 603
2. Бөлінген экономикалық құн	280 606
Операциялық шығындар	121 086
Қызметкерлердің жалақысы, өзге де төлемдері мен жеңілдіктері	112 577
– оның ішінде жалақы	110 042
– оның ішінде қызметкерлерге төленетін басқа да төлемдер мен жеңілдіктер	2 535
Капитал жеткізушілеріне төлемдер	40 906
– дивидендтер	23 070
– оның ішінде қаржылық шығыстар	17 836
Мемлекетке төлемдер	6 037
–салықтар	2 281
– корпоративтік табыс салығы	3 756
Жергілікті қауымдастықтарға инвестициялар	0
3. Бөлінбеген экономикалық құн	33 412

САТЫП АЛУ ТӘЖІРИБЕЛЕРІ

БАСҚАРУ ТӘСІЛІ

GRI 3-3

«Қазақтелеком» АҚ жеткізушілермен өзара әрекеттесуге жауапкершілікпен қарайды. Компания тек адал, сенімді және ашық серіктестермен ынтымақтасуға тырысады.

«Қазақтелеко» ұлттық экономиканың инновациялық дамуы жағдайында отандық тауар, жұмыс және қызмет өндірушілерді дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қолдайды.

«Қазақтелеком» АҚ сатып алу қызметінің негізгі басымдықтары:

- › сатып алудың ашықтығы мен айқындығы;
- › сатып алу рәсімдерін өткізу кезіндегі бәсекелестік;
- › жергілікті жеткізушілерді қолдау және дамыту.

«Қазақтелеком» АҚ-ның сатып алу қызметі «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ-ның сатып алуды жүзеге асыру тәртібімен» реттеледі, оның жаңа редакциясы 2024 жылдың желтоқсан айында қабылданды. Енгізілген өзгерістер нәтижесінде сатып алудың бәсекелестік тәсілдері бойынша функционал пысықталды, шағын және орта бизнес үшін преференциялар берілді, отандық өндірушілерді қолдау бойынша тармақшалар қосылды.

Сатып алу процестерін басқару құралы Қордың электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі болып табылады. Қордың электрондық сатып алудың ақпараттық жүйесі – бұл тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге қажеттілікті жоспарлаудан, сатып алуды жүргізуден, келісімшарттарды жасасудан және орындаудан бастап тауарларды қоймаға жеткізуге дейінгі толық цикл жасалатын бірыңғай портал. Толық ақпаратты zakup.sk.kz порталынан білуге болады.

«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерін сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес «Сатып алуды жүзеге асыру тәртібінің» жаңа редакциясы (бұдан әрі – «Сатып алу тәртібі») ҚР Қаржы министрлігімен келісілді. «Сатып алу тәртібі» жобасын әзірлеу кезінде Қор құжатты талқылап, билік органдарымен де, бизнес-қоғамдастықпен де, оның ішінде: ҚР Қаржы министрлігімен, ҚР Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігімен, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен консультациялар өткізді. Талқылау қорытындысы бойынша құжатта мемлекеттік органдардың негізгі ескертулері мен бизнес-қоғамдастықтың сындарлы ұсыныстары ескерілді.

«Сатып алу тәртібінің» жаңа редакциясы өзге құжаттарға сілтемелік нормаларсыз сатып алудың барлық рәсімдерінің сипаттамасын қамтиды және тікелей қолданылатын құжат болып табылады. Бұдан басқа, бір дереккөзден алынатын сатып алу негіздері айтарлықтай қысқартылды, «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасын, қоғамдық бірлестіктер мен қауымдастықтарды осы процестерге тарта отырып, сатып алуды санатты басқару және алдын ала біліктілік іріктеу процесінің ашықтығы арттырылды, отандық тауар өндірушілер мен ШОБ субъектілерін қолдаудың жаңа шаралары енгізілді.

Сатып алу процесін жетілдіру мақсатында «Самұрық-Қазына» қоры тиісті мемлекеттік органдармен және бизнес-қоғамдастықпен бірлесіп республикалық ауқымда барлық реттелетін субъектілердің сатып алуларын реформалау процесіне белсенді қатысады.